

Арнайы экономикалық аймақтардың қызметтің мемлекеттік реттеу

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыretі:

1) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы және жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлеу;

2) мынадай:

арнайы экономикалық аймақтың мақсаттарын айқындауды, оның ережесін және нысаналы индикаторларын бекітуді қоса алғанда, оны құру туралы;

арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеу мерзімін ұзарту шарттарын белгілей отырып, осындай ұзарту туралы;

арнайы экономикалық аймақты тарату туралы;

арнайы экономикалық аймақтың немесе республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясын құру немесе айқындау туралы шешімдер қабылдау;

3) бірыңғай үйлестіру орталығын айқындау;

4) өнірлік үйлестіру кеңесінің үлгілік функцияларын айқындау;

5) арнайы экономикалық аймақтардың қатысушылары іске асыратын, халықаралық, өнірлік стандарттар мен шет мемлекеттердің стандарттары қолданылуы мүмкін жобаларды іріктеу тәртібін айқындау;

6) өзіне Конституциямен, осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындау жатады.

Үәкілетті органның құзыretі

Үәкілетті органның құзыretіне:

1) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы және жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы, жұмыс істеуі және таратылуы саласында мемлекеттік органдардың және арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының қызметтің салааралық үйлестіруді жүзеге асыру;

3) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық үәкілетті органмен және салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын үәкілетті мемлекеттік органмен келісу бойынша арнайы экономикалық аймақтар бөлінісінде басым қызмет түрлерінің тізбелерін әзірлеу және бекіту;

4) республикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешімді келісу;

5) мынадай үлгілік шарттар мен нысандарды:

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер участекерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарттарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер участеклерін кейінгі жер пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шарттарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер участеклерін уақытша пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарттарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ құрылатын жеке меншіктегі жер участеклерін уақытша кейінгі пайдаланудың (қосалқы жалдаудың) үлгілік шарттарын;

қызметті жүзеге асыру туралы үлгілік шарттарды;

арнайы экономикалық аймақтардың, республикалық және өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі үлгілік шарттарды;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысуышысы ретінде тіркеуге арналған өтініш пен сауалнаманың нысандарын;

арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақ қатысуышының қызметті жүзеге асыру туралы шартта айқындалған міндеттемелерді орындағаны туралы актінің нысанын әзірлеу және бекіту;

6) республикалық және өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы үлгілік ережелерді әзірлеу және бекіту;

7) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамаларына қойылатын талаптарды бекіту;

8) арнайы комиссияны құру және оның ережесін бекіту;

9) сарапшылық кеңесті құру және оның ережесін бекіту;

10) Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы ұсыныстар енгізу;

11) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың басқарушы компаниясының есептілікті ұсыну қағидаларын әзірлеу және бекіту;

12) тұлғаның арнайы экономикалық аймақтың қатысуышысы ретінде тіркелгенін куәландыратын куәлікті беру қағидаларын әзірлеу және бекіту;

13) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес арнайы экономикалық аймақ қызметінің тиімділігін бағалау;

14) арнайы экономикалық аймақтар қатысуышыларының бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

15) жыл сайынғы негізде Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасының Үкіметіне арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің нәтижелері туралы талдамалық ақпарат беру;

16) индустриялық аймақтардың бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

17) жобаларды іріктеу қағидалары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту;

18) арнайы экономикалық аймақтардың және мемлекеттік индустриялық аймақтардың басқарушы компанияларын басқару үшін адамдарды конкурстық іріктеуді жүргізу қағидаларын, сондай-ақ көрсетілген адамдарға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу және бекіту;

19) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісу бойынша арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін әзірлеу және бекіту;

20) шағын индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

21) тұлғаларды қосалқы қызмет түрлерін жүзеге асыруға жіберуге арналған күжаттардың тізбесін әзірлеу және бекіту;

22) құрылудына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысадын арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясымен арнайы экономикалық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты жасасу;

23) құрылудына мемлекеттік емес заңды тұлға қатысадын арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясымен республикалық маңызы бар индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты жасасу;

24) арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың басқарушы компаниясының арнайы экономикалық немесе индустриялық аймақтың қатысушылары арасында жер участкерлерін бөлу қағидаларын әзірлеу және бекіту;

25) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілдептіктерді жүзеге асыру жатады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдың құзыреті

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органдың құзыретінен:

1) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуды және жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге және келісуге қатысу;

3) арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар қызметінің тиімділігін бағалау әдістемесін келісу;

4) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін келісу;

5) арнайы комиссияның жұмысына қатысу;

6) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның құзыреті

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндепті төлемдердің түсін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органның құзыретіне:

1) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың құрылуы және жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың қызметтің регламенттейтін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеуге және келісуге қатысу;

3) арнайы экономикалық аймақтың арнайы құқықтық режимі қолданылатын басым қызмет түрлерінің тізбесін келісу;

4) арнайы комиссияның жұмысына қатысу;

5) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру жатады.

Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

Облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыретіне:

1) өз құзыреті шегінде арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардың жұмыс істеуі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) уәкілетті органмен келісу бойынша респубикалық маңызы бар индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешім қабылдау;

3) өнірлік маңызы бар индустриялық аймақты, сондай-ақ шағын индустриялық аймақты құру, оның жұмыс істеу мерзімін ұзарту немесе оны тарату туралы шешім қабылдау;

4) жекеше индустриялық аймақтарды құру тұжырымдамасын келісу;

5) жалпы санының елу пайызынан кем емес кәсіпкерлік субъектілері өкілдерінің қатысуымен өнірлік үйлестіру кеңесін құру;

6) респубикалық немесе өнірлік маңызы бар индустриялық аймақтың үлгілік ережесі негізінде респубикалық немесе өнірлік маңызы бар индустриялық аймақ туралы ережені бекіту;

7) индустриялық аймақты құру тұжырымдамасын қоса алғанда, индустриялық аймақты құру жобаларын сараптау, сондай-ақ құрылатын

индустриялық аймақ үшін инфрақұрылым салу кезінде жобалау-сметалық құжаттамаға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

8) индустріялық аймақтарды дамыту жоспарларының жобаларын әзірлеу;

9) индустріялық аймақтардың басқарушы компанияларын айқындау;

10) Қазақстан Республикасының Жер кодексінде белгіленген тәртіппен арнайы экономикалық және индустріялық аймақтарды орналастыру үшін жер участеклерін беру және арнайы экономикалық және индустріялық аймақтардың басқарушы компанияларымен мемлекеттік меншіктегі жер участеклерін уақытша өтеулі жер пайдаланудың (жалдаудың) үлгілік шарттары негізінде арнайы экономикалық немесе индустріялық аймақ құрылатын мемлекеттік меншіктегі жер участеклерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалдау) шарттарын жасасу;

11) арнайы экономикалық және индустріялық аймақтардың әлеуетті қатысушыларын тарту;

12) арнайы экономикалық немесе индустріялық аймақтың басқарушы компаниясымен өңірлік маңызы бар индустріялық аймақтың басқарушы компаниясының функцияларын тиісінше орындау жөніндегі шартты жасасу;

13) арнайы экономикалық немесе индустріялық аймақтар қатысушыларының қызметті жүзеге асыру туралы шарттардың талаптарын орындаудына мониторингті жүзеге асыру, сондай-ақ мониторингтің деректерін талдау;

14) жергілікті атқарушы органдарға Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде жүзеге асыру жатады.